

## Семей қаласы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Абай облысы Семей қаласы мәслихатының 2024 жылғы 20 қарашадағы № 34/182-VIII шешімі

Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 365-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына, "Халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24382 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 377 бұйрығына сәйкес, Семей қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес, Семей қаласы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Семей қаласы мәслихатының төрағасы*

*Д. Шакаримов*

2024 жылғы 20 қарашадағы  
№34/182-VIII

## Семей қаласы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер

Атауы	теңгенің есептік бірлігі	(теңгенің қосылған құн салығынсыз)
Абаттандырылған үй иелері	тұрғыннан айына	420
Абаттандырылмаған үй иелері		489,01
Бірлікке (көлемге) жылдық тариф	1 м <sup>3</sup>	2366,19